

PHILIPS

BHS510
BHS515



Қолданушының нұсқасы

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome веб-сайтында тіркеңіз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- АБАЙЛАҢЫЗ! Бұл құралды судың жанында пайдаланбаңыз.
- Жуынатын бөлмеде пайдаланып болғаннан кейін, құралды розеткадан ажыратыңыз. Себебі, құралдың өшірілген күйінде де суға жақын орналасуы қауіпті болып есептеледі.
- АБАЙЛАҢЫЗ! Құралды ванна, душ, бассейн немесе сумен толтырылған басқа заттардың жанында қолданбаңыз.



- Пайдаланып болғаннан кейін, құралды ток көзінен ажыратыңыз.
- Қуат сымы зақымданған болса, қауіпті жағдай орын алмауы үшін, оны тек Philips компаниясында, Philips мақұлдаған қызмет орталығында немесе білікті мамандардың күшімен ауыстыру керек.
- Бұл құрылғыны 8 және одан жоғары жастағы балалар мен физикалық сезу немесе ойлау қабілеттері шектеулі не болмаса тәжірибесі және білімі аз адамдар қадағалаумен немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқаулар алған және байланысты қауіптерді түсінген жағдайда пайдалана алады. Балалар құралмен ойнамауы керек. Тазалау және пайдаланушының қызмет көрсету жұмысын балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаның электр желісіне қауіпсіздік мақсатында өшірілу құралын орнату ұсынылады. Бұл құралдың мөлшерленген жұмыс тогы 30 мА мәнінен аспауы керек. Орнатушымен кеңесіңіз.
- Құралды қосар алдында, онда көрсетілген кернеу жергілікті кернеуге сәйкес келетінін тексеріңіз.

- Құрылғыны осы нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Розеткаға қосылып тұрғанда, құралды еш уақытта қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Басқа өндірушілер шығарған немесе Philips компаниясы нақты ұсынбаған қосалқы құралдар мен бөлшектерді пайдаланбаңыз. Ондай қосалқы құралдар мен бөлшектерді пайдалансаңыз, кепілдік өз күшін жояды.
- Қуат сымын құралға орамаңыз.
- Құрылғыны жинап қоярдың алдында, оның сәл суығанын күтіңіз.
- Құралды пайдаланғанда толық мұқият болыңыз, себебі ол қатты ыстық болады. Басқа бөліктері ыстық болатындықтан тек тұтқасынан ұстаңыз және теріге тигізбеңіз.
- Әрқашан құрылғыны ыстыққа төзімді, тұрақты, тегіс бетке қойыңыз. Ыстық қыздырғыш пластиналар бетке немесе басқа тез тұтанғыш материалға тимеуі тиіс.
- Қуат сымын құрылғының қызып кететін жерлеріне тигізбеңіз.
- Құрылғы қосылып тұрған кезде, оны тез жанып кететін заттар мен материалдардан алыс ұстаңыз.
- Құрал қызып тұрғанда, оны ешқашан ештеңемен жаппаңыз (мысалы сүлгімен немесе матамен).
- Құралды тек құрғақ шашқа пайдаланыңыз.
- Ылғал қолмен құралды пайдаланбаңыз.
- Қыздырғыш пластиналарды таза ұстаңыз және оларда шаң мен мусс, спрей және гель сияқты шаш үлгілерін жасайтын заттар қалдырмаңыз. Құрылғыны ешқашан шаш үлгілерін жасайтын заттармен бірге пайдаланбаңыз.
- Қыздырғыш пластиналардың жабыны бар. Бұл жабын уақыт өте жайлап ескіреді. Дегенмен, бұл құрылғының жұмысына әсер етпейді.
- Егер құрылғыны боялған шашқа қолдансаңыз, қыздырғыш пластиналарда дақтар қалуы мүмкін.
- Тексеру немесе жөндеу үшін құралды тек қана Philips рұқсат еткен қызмет орталығына апарыңыз. Біліктілігі жоқ адамдардың жөндеуі пайдаланушыға өте қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.
- Ток соқпауы үшін, ионизатор шығысына темір заттарды салмаңыз.

- Қолданғаннан кейін қуат сымынан ұстап тартпаңыз. Құрылғыны ток көзінен әрдайым штепсельдік ашасынан ұстап ажыратыңыз.
- Күйік шалу қаупі бар. Балаларды құрылғыға жақындатпаңыз, әсіресе, қолдану және суыту кезінде.

Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)


Осы Philips құрылғысы электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

Өңдеу

- Бұл таңба осы өнімді қалыпты тұрмыстық қалдықпен тастауға болмайтынын білдіреді (2012/19/EU).
- Электр және электрондық өнімдердің қалдықтарын бөлек жинау жөніндегі еліңіздің ережелерін сақтаңыз. Қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына тиетін зиянды әсердің алдын алуға көмектеседі.



2 Шолу





- ① Дисплейлі панель
- ② Қыздырғыш тақталар
- ③ Қуатты қосу/өшіру түймесі
- ④ Температураны реттеу дөңгелегі
- ⑤ Ілмек
- ⑥ Жабатын бекітпе
- ⑦ Ыстыққа төзімді кілемше

3 Пайдалану алдында

- Шаш түзеткішті тек шаш құрғақ кезде пайдаланыңыз.
- Шашыңыздың түріне сәйкес қажетті параметрді таңдаңыз. Төмендегі кестені қараңыз. Шаш түзеткішті алғаш пайдаланғанда, әрдайым төменгі параметрді таңдаңыз.

Шаш түрі	Температура диапазоны
Қалың, қатты, бұйра, түзетуі қиын	210-230 °C
Қалыпты, орташа қалыңдықты немесе жұмсақ толқынды	180-200 °C
Анық, ашық, сары шашты, түссіздендірілген немесе боялған	170 °C немесе одан төмен

4 Шашыңызды түзеңіз





1 Қуатты қосу/өшіру түймесін ⏻ (③) дисплей панелі (①) жанғанша басып тұрыңыз.

↳ Әдепкі параметр 180 °C көрсетіледі.

2 Қажетті параметрді таңдау үшін температураны реттеу дөңгелегін (④) бұраңыз.

↳ Жылыту тақталары қолданысқа дайын болғанда индикатордың жыпылықтауы тоқтайды.







3 Шашыңызды тарап, тегістеу үшін 3-5 см етіп бөліп алыңыз.

Ескертпе: қалыңырақ шаш үшін көбірек бөліктер жасау ұсынылады.

4 Шашты түзету табақшаларының (②) арасына салып, тұтқаларды бірге басыңыз.

5 Шаш түзеткішті шаштың бойымен, түбінен бастап төмен қарай тоқтатпастан баяу бірқалыпты жүргізіп (ең көбі 5 секунд) шаштың күйіп қалуына жол бермеңіз.

5 Толқынды шаш жасау









- 1 Шаш түбірлері жанында іске қосып, 2-3 см шаш бөлігін алыңыз. Шаштың бір бұрымын түзету табақшаларының (②) арасына салыңыз.
- 2 Сыртқы толқындар жасау үшін түзулеу құралын сыртқа бұрасаңыз, шашты түзулеу құралына шаш түседі.
- 3 Шаш ұштарын түзулеу құралымен сыртқа қаратып тартыңыз. Қолдау үшін салқын ұшынан ұстаңыз.
- 4 Түзулеу құралын шаш шеттеріне жеткенше төмен бірқалыпты және баяу сырғытыңыз.

- 5 Шашты босатқаннан кейін шамалы бұйралау үшін саусақтарыңызды қолданыңыз.
- 6 Ішкі толқындар жасау үшін 2-қадамда түзулеу құралын ішке бұрап, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

Keңестер:

- Жақсырақ нәтижелер алу үшін кішкентайырақ шаш тұтамын алыңыз.
- Бұрағаннан кейін түзулеу құралына шаш ұштарын айналдыру тұтқасын пайдаланыңыз.
- Жақсырақ бұрау және тарту үшін түзеткіштің ұшын ұстаңыз.
- Шашты тартқан кезде тұтқадағы қысқышты шамалы босатыңыз.

6 Пайдаланғаннан кейін



- 1 Құралды өшіріп, розеткадан ажыратыңыз.
- 2 Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3 Құралды және жылыту тақталарын дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- 4 Құралды шаңы жоқ, құрғақ және қауіпсіз жерде сақтаңыз. Сондай-ақ, оны ілмекпен ілуге болады (⑤) немесе оны берілген жылыту төсенішімен бірге сақтаңыз (⑦).

Ескертпе:

- Құрылғы ыстық кезде, оны дорбаға салуға болмайды.
- Құрал автоматты түрде өшіру функциясымен жабдықталған. 30 минуттан кейін құрал автоматты түрде өшеді.

7 Кепілдік және қызмет көрсету

Егер қосымша бөлшекті ауыстыру туралы ақпарат қажет болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com/support веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушылар орталығына хабарласыңыз (ол нөмірді дүниежүзілік кепілдік кітапшасынан табуға болады). Егер еліңізде тұтынушыларға қолдау көрсету орталығы болмаса, онда жергілікті Philips компаниясының дилеріне барыңыз.

Шаш түзеткіш

Тұрмыстық қажеттіліктерге арналған

Өндіруші: “Филипс Консьюмер Лайфстайл Б.В.”, Туссендиен 4, 9206 АД, Драхтен, Нидерланды.

Қытайда жасалған

Ресей және Кедендік Одақ территориясына импорттаушы:

“ФИЛИПС” ЖШҚ, Ресей Федерациясы, 123022 Мәскеу қаласы, Сергей Макеев көшесі, 13-үй, тел. +7 495 961-1111

BH5510, BH5515

Номиналды параметрлер: 110-240V~ 50-60Hz 50-53 W

II санатты аспап



Сақтау шарттары, пайдалану

Температура		Салыстырмалы ылғалдылық	Атмосфералық қысым
Пайдалану шарттары	Сақтау шарттары		
+10°C ÷ +30°C	-25°C ÷ +60°C	35% ÷ 99%	85 ÷ 109 kPa



Техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін
© 2021 Koninklijke Philips N.V.
Барлық құқықтары қорғалған.

(12/11/2021)

